



«КЕЛІСІЛДІ»

«ШКО кәсіптік білім беру орталығы»

КММ директорының м.а  
Д. Кездикбаева

» 2024 ж.



«БЕКІТЕМІН»

«Өскемен жоғары  
политехникалық колледжі»

КМҚК директоры

И.Исин

» 2024 ж.

Шығыс Қазақстан облысы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі  
білім беру жүйесі оқу орындарының  
IT пәндері оқытушылары мен студенттеріне арналған  
«Guru IT» облыстық конкурсы туралы  
ЕРЕЖЕ

Өскемен, 2024 ж.

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы Ереже ШҚО ТЖКОББ жүйесі оқу орындарының IT пәндері оқытушылары мен студенттеріне арналған «Guru IT» конкурсының (бұдан әрі-Конкурс) мақсаттары мен міндеттерін, қатысушыларын, ұйымдастырушыларын және жеңімпаздардың марапаттауын айқындайды.

1.2 Кәсіби байқау – студенттер үшін шығармашылық қабілеттерін көрсетуге, ғылыми және кәсіби қызығушылықтарын жүзеге асыруға, оқытушылар үшін-жетекшілік, тәлімгерлік таланттарын көрсетуге, сондай-ақ білім беру үдерісін ақпараттандыруды насихаттауға мүмкіндік береді

1.3 Конкурс дербес компьютердің физикалық және логикалық негіздерін білу саласындағы кәсіби құзыреттерін көрсетуден тұрады.

1.4 Конкурсқа ТЖКОББ жүйесі оқу орындарының IT-мамандықтары бойынша оқытушылары мен студенттері қатысады.

## 2. КОНКУРСТЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

### 2.1 Мақсаты

Студенттердің шығармашылық әлеуетін дамыту, оларды ақпараттық технологияларды оқытуда белсенді пайдалануға тарту.

### 2.2 Міндеттері

1. Дербес компьютердің физикалық және логикалық негіздерін білу саласындағы әзірлеуде студенттердің кәсіби шеберлігін арттыруды ынталандыру.
2. Айрықша дарынды қатысушыларды анықтау, оларға және олардың жұмыстарына болашақ жұмыс берушілерден қолдау көрсетуге ықпал ету.
3. Студенттердің уәждемесі мен кәсіби бағыттынлығын дамыту;
4. Кәсіби және ғылыми-зерттеу қызметінің деңгейін одан әрі арттыру мүддесінде тәжірибе алмасу.

## 3. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ОРНЫ МЕН КҮНІ

Өтетін орны: «Өскемен жоғары политехникалық колледжі» КМҚК

Мекен-жайы: Өскемен қаласы, Серікбаев көшесі, 5

Өткізу күні: **1 кезең: 2024 жылғы 20 ақпан (10.00-ден 11.00-ге дейін) - онлайн,**

**2 кезең: 2024 жылғы 23 ақпан - офлайн, тіркеу: 9.00-9.30**

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді соңғы күнін қоса алғанда, **16 ақпанға** дейін жіберу керек.

## 4. КОНКУРСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ

Кәсіби конкурсты ұйымдастырушылық-әдістемелік шарасын қамтамасыз ету үшін комитет №1 қосымша бойынша құрылады, ол:

- білім беру мекемелеріне конкурс өткізу туралы хабарлайды;
- конкурс өткізу үшін қазылар алқасын құрып, тағайындайды;

- қазылар алқасының жұмысына қатысу үшін жоғары оқу орындарының мамандары мен ІТ-компаниялардың өкілдерін шақырады;
- конкурсты ғылыми-әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;
- жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау және қорытындылары туралы ақпарат дайындайды.

## **5. БАЙҚАУДЫҢ ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ**

Қазылар алқасының құрамы мен оның жұмыс тәртібін ұйымдастыру комитеті бекітеді. Қазылар алқасының құрамына жоғары оқу орындарының, колледждердің өкілдері және ІТ-компаниялардың өкілдері кіреді.

## **6. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР**

Байқауға командалық өтінімді ұсынған ТЖКОББ жүйесінің білім беру мекемелерінің оқытушылары мен студенттері қатыса алады. Бір білім беру мекемесінен командалар саны 2 (екіден) аспайды. 2 адамнан тұратын команда құрамы - бір студент және бір тәлімгер.

## **7. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ФОРМАСЫ**

Кәсіби конкурс ашық командалық жарыс түрінде өткізіледі. Команда құрамы- бір оқытушы және бір студент.

Байқау екі кезеңде өткізіледі:

**1 кезең** (10.00-ден 11.00-ге дейін) онлайн: тест тапсыру (оқытушы бөлек, студент бөлек). Конкурстың екінші кезеңіне жиынтық ұпайлары 60%-дан асатын командалары өтеді.

**2 кезең:** тапсырмалар бойынша топтық жұмыс.

## **8. ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ**

Конкурстың екі кезеңінің қорытындысы бойынша ең көп ұпай жинаған команда жеңімпаз атанады.

Конкурс қорытындысы бойынша барлық қатысушылар сертификаттар алады, ал жеңімпаздар I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады. 1 орын алған команданың оқытушысы «Guru IT» атағымен диплом алады.

## 9. ӨТІНІМ ФОРМАСЫ

### IT пәндерінің оқытушылары мен студенттеріне арналған «Guru IT» кәсіби конкурсына қатысуға өтінім

(білім беру ұйымының атауы)

Білім беру мекемесі, байланыс телефоны	Қатысушы - студенттің Т.А. Ә. (толық)	Қатысушы - педагогтың Т.А. Ә. (толық)	Команданың атауы

Өтінім **2024 жылдың 16 ақпанына** дейін ресімделуі қажет.

Байланыс телефондары: 8-777-15-18-224 (Телеграмм), 8-777-13-13-215  
(+WhatsApp)

e-mail: [renata\\_box@inbox.ru](mailto:renata_box@inbox.ru) . Хаттың тақырыбын **КОНКУРСҚА ӨТІНІМ** деп жазу қажет.

**IT пәндерінің оқытушылары мен студенттеріне арналған облыстық  
«Guru IT» конкурсын өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің  
құрамы**

**Ұйымдастыру комитетінің төрайымы:**

1. Гольцева Ирина Анатольевна. - Өскемен жоғары политехникалық колледжінің «Есептеу техникасы» ПӘК төрайымы

**Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:**

1. Новак Юлия Анатольевна - Өскемен жоғары политехникалық колледжі директорының IT жөніндегі орынбасары, арнайы пәндер оқытушысы
2. Шаповалова Ирина Александровна - Өскемен жоғары политехникалық колледжінің арнайы пәндер оқытушысы
3. Жапарова Раушан Саркыткановна - Өскемен жоғары политехникалық колледжінің информатика және арнайы пәндер оқытушысы